

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына окуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 24 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 19 ақпанда № 13134 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 04.05.2023 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 5-1-бабының 9) тармақшасына сәйкес

**БҰЙЫРДАМАНЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.09.2024 № 672 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына окуға қабылдау қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 04.05.2023 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаменті (А.Ү. Әбдіғалиев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік қызықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық қызықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құбынындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін

3. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-лейтенанты М.Ф. Демеуовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр  
полиция генерал-полковник*

*K. Қасымов*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2016 жылғы 13 қантардағы  
№ 24 бұйрығына  
1-қосымша

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 04.05.2023 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тaraу. Негізгі ережелер**

1. Осы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ПМ) әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы", "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы", "Құқық қорғау қызметі туралы", "Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының зандарына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Занының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының (бұдан әрі - ПМ жоғары оқу орындары) ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша магистратурасына (бұдан әрі – магистратура) және PhD докторантурасына (бұдан әрі – докторантурасы) құжаттарды қабылдау, түсү емтихандарын өткізу және окуға қабылдау тәртібін айқындауды.

3. ПМ жоғары оқу орындарының магистранттары мен докторанттарының контингентін қалыптастыру:

ІІМ әскери оқу орындарына - жыл сайын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бүйрығымен бекітілетін жинақтау жоспары;

ІІМ арнаулы оқу орындарына - жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

4. ІІМ жоғары оқу орындарының магистратурасына, докторантурасына оқуға кандидаттарды қабылдау түсі емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5. ІІМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және докторантурасына қабылдау даярлау бағыттарын көрсете отырып, құжаттарды қабылдау күнінен құнтізбелік он бес күн бұрын жоғары оқу орындарының Интернет-ресурстары, республикалық және облыстық мерзімді баспасөз басылымдары, теле-радио арналары арқылы жарияланады.

6. ІІМ жоғары оқу орындарының магистратурасы мен докторантурасында оқыту күндізгі нысанда, оның ішінде "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 245 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22653 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен қашықтықтан оқытуды пайдалана отырып жүзеге асырылады.

## **2-тарау. ІІМ әскери оқу орындарына қабылдау тәртібі**

7. ІІМ әскери оқу орындарының магистратурасына жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын менгерген адамдар қабылданады.

8. ІІМ әскери оқу орындарының магистратурасына:

батальон командирінің орынбасары, оған тең және одан жоғары лауазымдарда кемінде бір жыл қызмет өтілі бар Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының (бұдан әрі – ҰҰ) әскери қызметшілері;

ҰҰ таңдаған бағыты бойынша кемінде бір жыл даярлау бағытына немесе жұмыс өтіліне байланысты мамандығы бар әскери қызметшілерінен басқа әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) қызметкерлері қабылданады.

9. ІІМ әскери оқу орындарының докторантурасына магистр дәрежесі бар, батальон командирі, оған тең және одан жоғары лауазымдарда қызмет өтілі немесе кемінде екі жыл ғылыми-педагогикалық өтілі бар әскери қызметшілер мен ПО қызметкерлері қабылданады.

10. Әскери қызметшілер мен ПО қызметкерлерін қабылдау осы Қағидаларға сәйкес жалпы негіздерде жүзеге асырылады.

## **1-параграф. Магистратура мен докторантураға түсін құжаттарды қабылдау тәртібі**

11. ПМ әскери оқу орындарының магистратурасында немесе докторантурасында оқуға кандидаттар оқуға қабылданған жылдың 1 наурызына дейін Ішкі істер министрі орынбасарының (бұдан әрі – Министрдің орынбасары), аумақтық ПО, ПМ оқу орны, өнірлік қолбасшылықтар мен әскери бөлімдер басшыларының атына еркін нысанда баянат береді.

12. ПМ әскери оқу орындарының магистратурасына және докторантурасына түсетін кандидаттардың құжаттарын қабылдауды қабылдау комиссиялары және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы оқуға қабылданған жылдың 1 маусымынан 10 шілдесіне дейін жүргізеді.

13. ПМ, аумақтық ПО, ПМ жоғары оқу орындары, өнірлік қолбасшылықтар, әскери бөлімдер (мекемелер) кандидаттарды алдын ала іріктеуді жүргізеді, оларды ПМ, ҮҮ, аумақтық ПО, өнірлік қолбасшылық немесе ҮҮ әскери бөлімі басшысының және ПМ жоғары оқу орны бастығының немесе оның орнындағы адамның бұйрығымен құрылатын іріктеу комиссияларының отырыстарында қарайды және оқуға іріктелген кандидаттардың тізімін оқуға қабылдау жылдың 1 маусымынан кешіктірмей Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының кадр, оқу және ғылыми жұмыс мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесіне жолдайды.

Іріктеу комиссиясының нәтижелері осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

14. ҮҮ әскери қызметшілерін алдын ала іріктеу:

кандидаттардың денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамдылығын тексеруді; кәсіби-психологиялық тестілеу өткізуіді;

кандидатты сипаттайтын материалдар мен қызметтік міндеттерді орындаудың практикалық нәтижелері бойынша зерделеуді;

ҮҮ әскери қызметшісінің дene дайындығын тексеруді қамтиды.

15. Әскери қызметшілер мен ПО қызметкерлерін (ҮҮ әскери қызметшілерінен басқа) алдын ала іріктеу осы Қағидалардың 3-тaraуының 2-параграфына сәйкес жүргізіледі.

16. ПО және ҮҮ бөлімшелері ПМ әскери оқу орнының магистратурасына және докторантурасына түсу үшін іріктеу комиссиялары ұсынған кандидаттарға оқу істерін ресімдейді және оларды оқуға қабылдау жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей ПМ әскери оқу орнына жібереді.

17. Оқу ісінде:

еркін нысандағы өтініш (баянат);

білімі туралы құжаттың көшірмесі (түпнұсқасы салыстыру үшін);

жеке басын куәланыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасы салыстыру үшін);

өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет;

сауалнама (ҮҮ әскери қызметшілері үшін) немесе кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парап (қалған кандидаттар үшін);

"Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттаманың нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) оқуға және жаңа келісімшартты жасауға жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік сараптаманың (бұдан әрі - ӘДС) қорытындысымен (ҰҰ әскери қызметшілері үшін) медициналық куәландыру туралы анықтама немесе электрондық форматтағы 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама (қалған түсушілер үшін);

алдын ала іріктеу нәтижелері;

іріктеу комиссиясының оқуға жіберу туралы хаттамасының көшірмесі болуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, докторантуралы түсушінің оқу ісінде:

68-тармақта көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсыру туралы сертификаттың көшірмесі (ол болған жағдайда);

ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (олар болған жағдайда);

осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми консультантпен келісілген жоспарланатын диссертациялық зерттеудің негіздемесі болуы тиіс.

18. Иріктеу комиссиялары оқуға түсі үшін ұсынған кандидаттар ПМ әскери оқу орындарына түсі емтихандарын тапсыру үшін оқуға қабылдау жылының 15 шілдесіне дейін келеді.

## 2-параграф. Түсу емтихандарын өткізу тәртібі

19. ПМ әскери оқу орындарының магистратурасы мен докторантурасына түсу емтихандары оқуға қабылдау жылының 15-25 шілдесі аралығында өткізіледі.

20. ПМ әскери оқу орындарының магистратурасы мен докторантурасына түсу емтихандарын өткізу кезеңінде қабылдау және емтихан комиссиялары құрылады, олардың құрамы оқуға қабылдау жылының 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бүйрығымен бекітіледі.

21. Қабылдау комиссиясы тақ саннан тұрады және комиссия төрағасының, хатшысының, кемінде үш мүшесінің құрамында қалыптастырылады.

ПМ әскери оқу орынның бастығы қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады, ол қабылдау комиссиясының қызметіне басшылық етеді.

Қабылдау комиссиясының хатшысы болып ПМ әскери оқу орынның әскери қызметшісі тағайындалады, оған қабылдау комиссиясына жүктелген функцияларды іске асыру жөніндегі құжаттарды, отырыстарға материалдарды, сондай-ақ қабылдау комиссиясының жұмысы жөніндегі хаттама мен есептік құжаттардың жобасын дайындау жүктеледі.

Қабылдау комиссиясының қызметі жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдау комиссиясының отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Қабылдау комиссиясының шешімі хаттамамен еркін нысанда ресімделеді және бекітілген құрамның кемінде үштен екісі болған кезде қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде қабылдау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Қабылдау комиссиясы хатшысының дауыс беру құқығы жоқ.

22. ПМ әскери оқу орнының қабылдау комиссиясы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) тұсушілердің құжаттарын қабылдау және тексеру;
- 2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының таңдаулы тобының мәселелері бойынша консультация беруді ұйымдастыру, тұсу емтиханының рәсімімен танысу;
- 3) тұсу емтихандарын өткізуі ұйымдастыру;
- 4) конкурстық іріктеу қорытындылары бойынша оқуға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдау.

23. Қабылдау комиссиясының төрағасы қабылдау жылының 10 шілдесіне дейін тұсу емтихандарын тапсыру кестесін бекітеді.

24. Емтихан комиссиялары тұсу емтихандарын қабылдау үшін құрылады және комиссия төрағасы мен екі мүшеден тұрады. Емтихан комиссиялары:

- 1) магистратураға - ПМ әскери оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамы (бұдан әрі – ПОҚ) қатарынан;
- 2) докторантурасы - тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ПОҚ және (немесе) ҰҰ әскери қызметшілері қатарынан құрылады.

25. ПМ әскери оқу орындарының магистратурасы мен докторантурасына түсетін оқуға кандидаттар тұсу емтихандарын:

- 1) магистратураға:  
дене шынықтыру даярлығы бойынша;  
бейін бойынша;
- 2) докторантурасы:  
шет тілі бойынша (таңдауы бойынша ағылшын, неміс, француз тілдері);  
бейін бойынша тапсырады.

26. Әрбір тұсу емтиханын тек бір рет тапсыруға рұқсат етіледі. Алдыңғы емтиханды тапсырмадан оқуға түсуші келесі емтиханға жіберілмейді.

27. Әрбір қабылдау емтиханының нәтижелері емтихан алушыға тапсыру күні жарияланады.

28. Бейін бойынша емтихан ауызша-жазбаша сауалнама нысанында (билеттер бойынша) өткізіледі. Әрбір билет кәсіби қызмет негіздері бойынша екі теориялық

сұрақты, лауазымдық және функционалдық міндеттерді практикалық пысықтау бойынша бір әдістемелік сұрақты қамтиды.

Емтихан билеттерін бейіні бойынша емтихан комиссиялары қалыптастырады.

Әрбір сұрақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес бейіні бойынша емтихан тапсыру кезінде сұраққа жауап бергені үшін бағалау өлшемшарттарына сәйкес 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

Бейін бойынша емтихан үшін рейтингтік балл орташа балл бойынша айқындалады, ол әрбір сұрақ бойынша бейін бойынша емтихан тапсыру кезінде сұраққа жауап үшін балдарды қосу және алынған соманы сұрақтар санына бөлу жолымен есептеледі.

Бейін бойынша емтихан тапсыру нәтижелерін емтихан комиссиясының мүшелері әрбір кандидатқа осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жеке ведомосте тіркейді.

Әрбір кандидатқа жеке ведомостарда көрсетілетін бейіні бойынша тұсу емтиханын тапсыру нәтижелерінің негізінде, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық ведомость жасалады, ол ПМ әскери оқу орнының қабылдау комиссиясына ұсынылады.

29. ПМ әскери оқу орны бейіні бойынша тұсу емтихандарына шығарылатын пәндер бойынша сұрақтардың үлгілік тізбесін әзірлейді.

30. Қабылдау жылының 1 маусымына дейінгі мерзімде ПМ әскери оқу орны ПО және ҰҰ бөлімшелеріне бейіні бойынша тұсу емтихандарына шығарылатын сұрақтардың тізбесін жібереді.

31. Дене шынықтыру даярлығы бойынша емтихан "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында дене шынықтыру даярлығы жөніндегі нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1111 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13005 болып тіркелген) сәйкес әскери қызметшілер үшін дене шынықтыру даярлығы жөніндегі нормативтерді қабылдауды қамтиды.

32. Дене шынықтыру даярлығы бойынша емтиханды ПМ әскери оқу орнының дене шынықтыру даярлығы және спорт кафедрасының оқытушыларынан тұратын оқуға түсушілердің дене күші даярлығын тексеру жөніндегі комиссия ұйымдастырады және өткізеді. Емтихан оқуға түсушілердің келесі жаттығулар бойынша жылдамдыққа, күшке және төзімділікке арналған практикалық нормативтерді орындауды қамтиды:

белтемірге тартылу немесе аяқты белтемірге көтеру;

100 метрге жүгіру немесе кешенді күш жаттығулары;

1000 метрге жүгіру.

Дене шынықтыру даярлығы бойынша емтиханға шығарылатын жаттығулардың тізбесін оқуға түсушілердің дене күші қабілеттерін тексеру жөніндегі комиссия төрағасының ұсынысы бойынша қабылдау комиссиясының төрағасы бекіtedі.

Дене шынықтыру даярлығы бойынша тұсу емтиханын тапсыруға арналған киім нысаны – спорттық.

33. Дене шынықтыру даярлығы бойынша жаттығуларды орындаудың сандық және уақыт көрсеткіштері рейтингтік балға ауыстырылады, ол осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес айқындалады.

34. Дене шынықтыру даярлығы бойынша жаттығулардың мазмұны мен шарттары дене шынықтыру даярлығы бойынша емтихан өткізілетін күн қарсаңында кандидаттардың назарына жеткізіледі.

35. Дене шынықтыру даярлығы бойынша емтиханға енгізілген жаттығулардың барлық түрін кандидаттар күнтізбелік бір күн ішінде орындаиды.

36. Дене шынықтыру даярлығы бойынша емтиханды тапсыру басталар алдында оқуға түсушілердің дене күші қабілеттерін тексеру жөніндегі комиссия мүшелері кандидаттарды қауіпсіздік шараларымен қол қойғызып таныстырады.

37. Эрбір жаттығуды тапсыру нәтижелерін оқуға кандидаттардың дене күші қабілеттерін тексеру жөніндегі комиссия мүшелері осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес жеке ведомосте тіркейді.

38. Жаттығуды орындау нәтижесін тіркегеннен кейін қайта тапсыруға жол берілмейді.

39. Жаттығулардың жекелеген түрлерін тапсыру жөніндегі ведомостарда қамтылған деректердің негізінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық ведомость жасалады, оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды және ПМ әскери оқу орнының қабылдау комиссиясына ұсынылады.

40. Егер ресми құжатпен расталған сырқаттанушылық немесе алған жарақаттану себебінен түсуші түсу емтихандарын тапсыру кестесінде белгіленген күні дене шынықтыру даярлығы бойынша емтихан тапсыра алмаса, онда оған басқа күн, бірақ түсу емтихандары аяқталған күнге дейін үш күннен кешіктірілмей тағайындалады.

Егер оқуға түсуші көрсетілген күнге дейін дене шынықтыру даярлығы бойынша емтихан тапсырмаған жағдайда, онда емтихан тапсырылмаған болып есептеледі және осы кандидатқа қатысты оқуға түсушілердің дене күші қабілеттерін тексеру жөніндегі комиссия 0 балл нәтижесін қояды.

41. Қалған екі жаттығуды кемінде 50 баллмен орындаған жағдайда 49-0 балл нәтижесімен бір жаттығуды орындауға жол беріледі, бұл ретте олардың біреуінің нәтижесі кемінде 90 балл.

42. Дене шынықтыру даярлығы бойынша емтиханның нәтижесі орташа балл бойынша анықталады, ол әрбір орындалған жаттығу бойынша балдарды қосу және алынған соманы орындалған жаттығулар санына бөлу арқылы есептеледі (49-0 балл нәтижесімен бір жаттығуды орындауды ескере отырып).

Қабылдау комиссиясына растайтын құжаттарды ұсынған "Қазақстан Республикасының еңбек сінірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері" спорттық біліктілігі бар кандидаттар дене шынықтыру даярлығы бойынша емтихан

тапсырудан босатылады және дене шынықтыру даярлығы нормативтері бойынша ең жоғары балл (100 балл) алады.

43. Шет тілі бойынша тусу емтихандары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технология бойынша өткізеді.

44. ПМ әскери оқу орындарының докторантурасына оқуға осы Қағидалардың 68-тармағында көрсетілген шет тілін (ағылшын, неміс, француз) менгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың бірі бар кандидаттар шет тілі бойынша тусу емтиханын тапсырудан босатылады, бұл ретте оларға бағалаудың 100 балдық шкаласы бойынша ең жоғары балл беріледі.

45. Тусу емтиханының нәтижесімен келіспеген кандидат апелляциялық комиссия төрағасының атына оның нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін апелляциялық өтініш беруге құқылы.

46. Апелляциялық өтініштер оларды беру мерзімі аяқталған сәттен бастап бір күнтізбелік күн ішінде қаралады.

47. Апелляциялық өтініштерді қарау үшін ПМ әскери оқу орны басшысының бүйрығымен ПОҚ және ПМ әскери оқу орындарының, сондай-ақ басқа да жоғары оқу орындары мен тиісті біліктілігі бар ғылыми ұйымдардың әскери қызметшілері қатарынан апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның құрамы тақ саннан тұрады және комиссия төрағасынан, хатшысынан және мүшелерінен құрылады.

Апелляциялық комиссия әр кандидатпен жеке жұмыс істейді. Апелляциялық комиссияның отырысына кандидат келмеген кезде оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

48. Апелляциялық комиссия магистратура мен докторантурасы түсетін кандидаттардан емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштерді қабылдайды және қарайды.

49. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия құрамының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамалармен ресімделеді, оған комиссия төрағасы мен барлық мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссия шешімінің нәтижелері бойынша өтініш берген кандидатқа апелляциялық комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірме беріледі.

#### **4-параграф. ПМ әскери оқу орындарының магистратурасына және докторантурасына қабылдау**

50. Магистранттар мен докторанттар қатарына қабылдауды ПМ әскери оқу орнының қабылдау комиссиясы қабылдау жылшының 1 тамызына дейін жүзеге асырады.

51. Тұсу емтихандарының әрқайсысы бойынша өту балын жинаған оқуға түсушілер конкурстық іріктеуге жіберіледі:

шет тілі бойынша - кемінде 30 балл;

дene шынықтыру даярлығы бойынша - кемінде 47 балл;

бейін бойынша - кемінде 50 балл.

52. IIМ әскери оқу орындарының магистратурасына және докторантурасына оқуға мамандығы бойынша рейтингтегі оқуға кандидаттар әр түрлі ведомстволар бойынша орындарды бөлуді ескере отырып, жинақтау жоспары бойынша мамандыққа бөлінген орындар санына сәйкес келетін нөмір бойынша бірінші нөмірден бастап қабылданады.

Конкурстық балл тұсу емтихандарының рейтингтік балдарының жиынтығымен айқындалады.

Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда магистратураға және докторантураға қабылдау кезінде бейіндік емтихан бойынша ең жоғары балл жинаған оқуға кандидаттардың құқығы басым болады.

53. Қабылдау комиссиясының шешімі негізінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы оқуға қабылдау жылының 10 тамызына дейін IIМ әскери оқу орнының магистратурасына және докторантурасына қабылдау туралы бұйрық шығарады, ол әскери оқу орны бастығының қарамағына әскери қызметшілер мен ПО қызметкерлерін жіберу үшін негіз болып табылады.

54. Оқуға қабылдау туралы бұйрықтан үзінді көшірмеге қол қойылғаннан кейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей Ұлттық ұланның өнірлік қолбасшылықтары мен әскери бөлімдеріне, оқуға кандидаттарды жіберген аумақтық ПО-га жіберіледі.

Аумақтық ПО күнтізбелік он күн ішінде келіп түскен қызметкерлердің жеке істерін IIМ әскери оқу орындарына жібереді.

55. IIМ әскери оқу орындарының магистратурасы мен докторантурасына оқуға қабылданбаған кандидаттардың оқу істері мен басқа да құжаттары жинақтау орны бойынша қайтарылады.

56. IIМ әскери оқу орындары IIМ әскери оқу орнының магистратурасына және докторантурасына қабылдау туралы бұйрық шығарылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде IIМ кадр қызметіне және ҰҰ Бас қолбасшылығына қабылдауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсыну үшін магистратураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

### **3-тaraу. IIМ арнаулы оқу орындарына қабылдау тәртібі**

#### **1-параграф. Оқуға кандидаттарды іріктеу тәртібі**

57. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және докторантурасына түсетін кандидаттардың құжаттарын қабылдау қабылдау комиссиялары және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 3 шілдесінен 3 тамызына дейін жүргізіледі.

ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасы мен докторантурасына түсү емтихандары күнтізбелік жылдың 4 тамызынан 20 тамызына дейін, оқуға қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін жүргізіледі.

## **2-параграф. Магистратура мен докторантураға түсү үшін құжаттарды қабылдау тәртібі**

58. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын менгерген оқуға кандидаттар қабылданады.

Бұл ретте магистратура бейіндік бағыт бойынша қажетті іскерлік қасиеттерге ие және жоғары тұрған басшы лауазымдарға ұсынуға кадр резервінде тұрған ішкі істер органдарының қызметкерлерімен, әскери қызметшілерімен жинақталады.

Ғылыми және педагогикалық бағыт бойынша магистратураға ішкі істер органдарында кемінде бір жыл практикалық жұмыс өтілі бар ішкі істер органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілері қабылданады.

59. PhD докторантураға "магистр" дәрежесі (педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасын менгергені туралы куәлік болған кезде бейінді магистратураның түлектері), бейіні бойынша докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға - магистратура немесе бейінді магистратураға тенестірілген жоғары арнаулы білімі базасында, құқық қорғау органдарында кемінде 1 (бір) жыл практикалық жұмыс өтілі немесе ғылыми-педагогикалық өтілі бар ішкі істер органдарының қызметкерлері және әскери қызметшілері қабылданады.

**Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.09.2024 № 672 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

60. Құжаттарды қабылдау және ПМ жоғары оқу орындарында түсү емтихандарын өткізууді ұйымдастыру үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы ПМ жоғары оқу орнының бастығы болып табылады, ол қабылдау комиссиясының қызметіне басшылық етеді.

Қабылдау комиссиясының құрамы және оның хатшысы ПМ жоғары оқу орны бастығының бүйрыймен бекітіледі және тақ саннан тұрады.

Қабылдау комиссиясы төрағадан, хатшыдан және комиссияның кемінде үш мүшесінен құрылады.

Қабылдау комиссиясының хатшысы болып ПМ жоғары оқу орнының қызметкери тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының қызметі жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдау комиссиясының отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Қабылдау комиссиясының шешімдері хаттамамен еркін нысанда ресімделеді және бекітілген құрамның кемінде үштен екісі болған кезде қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде қабылдау комиссиясы төрағасының пікірі шешуші болып табылады.

61. Магистратурада немесе докторантурада оқуға кандидаттар Ішкі істер министрі орынбасарының (бұдан әрі – Министрдің орынбасары), аумақтық ПО, ПМ оқу орны басшыларының атына еркін нысанда баянат береді.

62. Магистратура мен докторантураға оқуға кандидаттарды іріктеу үшін Ішкі істер министрінің, аумақтық ПО және ПМ оқу орны басшысының бұйрығымен іріктеу комиссиялары құрылады.

Іріктеу комиссиясы мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұрады. Комиссияны төраға басқарады. Іріктеу комиссиясының төрағасы болып Министрдің орынбасары, аумақтық ПО, ПМ оқу орны бастығының орынбасары тағайындалады.

Іріктеу комиссиясының хатшысы болып кадр қызметінің қызметкері тағайындалады

Іріктеу комиссиясы ПМ, аумақтық ПО қызметтерінің бастықтарынан, ПМ жоғары оқу орнының оқу және ғылыми қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінен және конкурсстық комиссия төрағасының шешімі бойынша штаттық қызметкерлерден тұрады.

63. Іріктеу комиссиясы магистратураға және докторантураға қабылдау жоспарын басшылыққа ала отырып, құнтізбелік жылдың 3 шілдесіне дейін оқуға кандидаттарға ұсынылған құжаттарды зерделейді, кандидаттардың қабылдау шарттарына сәйкестігін айқындайды.

64. Іріктеу комиссиясының нәтижелері осы Қағидаларға 1-косымшаға сәйкес нысан бойынша іріктеу комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді және бекітілген құрамның кемінде үштен екісі болған кезде қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде іріктеу комиссиясы төрағасының пікірі шешуші болып табылады.

65. Кадр қызметтері ПМ жоғары оқу орындарына магистратураға оқуға кандидаттардың мынадай құжаттарын жолдайды:

оқу ісі, ол:

оқуға кандидаттың еркін нысандағы баянатынан;

қызметтің соңғы кезеңіндегі қызметтік мінездемеден және аттестаттау парағынан; іріктеу комиссиясының оқуға жіберу туралы хаттамасының көшірмесінен;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесінен;

осы Қағидалардың 68-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсыру туралы сертификаттың көшірмесінен (олар болған жағдайда);

кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағынан;

өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосуреттен;

ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімінен (олар болған жағдайда) түрады.

66. Кадр қызметтері ПМ жоғары оқу орындарына докторантураға оқуға кандидаттардың мынадай құжаттарын жолдайды:

оқу ісі, ол:

оқуға кандидаттың еркін нысандағы баянатынан;

қызметтің соңғы кезеңіндегі қызметтік мінездемеден және аттестаттау парагынан;

іріктеу комиссиясының оқуға жіберу туралы хаттамасының көшірмесінен;

кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парагынан;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесінен;

білімі туралы құжаттың көшірмесінен;

өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосуреттен;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми консультантпен келісілген жоспарланатын диссертациялық зерттеудің негіздемесінен;

осы Қағидалардың 68-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсыру туралы сертификаттың көшірмесінен (олар болған жағдайда);

ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімінен (олар болған жағдайда) түрады.

### **3-параграф. Тұсу емтихандарын өткізу тәртібі**

67. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасы мен докторантурасына түсетін оқуға кандидаттар:

1) шет тілінен (ағылшын, неміс, француз тілдерін таңдау бойынша);

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тұсу емтихандарын тапсырады.

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханға шет тілінен кемінде 30 балл жинаған кандидаттар жіберіледі.

68. Шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың бірі бар оқуға кандидаттар магистратураға шет тілі бойынша тесттен келесі тілдер бойынша босатылады:

ағылшын тілі: IELTS (АЙЛТС)/international English Language Tests System (International English language tests System), шекті балл - кемінде 6,0;

IELTS INDICATOR (АЙТЛС индикаторы), шекті балл - кемінде 6,0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест оған Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (TOEFL Itip)), шекті балл - кемінде 543 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) Internet-based Test (Интернет bazid test) (TOEFL IBT (TOEFL IBT), шекті балл - кемінде 60;

TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) Test of English as a Foreign language Paper-based testing, шекті балл - кемінде 498;

неміс: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче щпрахпрю фун Фюр дейн хохшульцуган) (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (TestDaF-prufung) (niveauc1/C1 деңгейі);

француз тілі: Test de Fransais International™ – Test de France Internacional (TFI (TFI) – оқу және тындау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), diplome d' Etudes en Langue fransaise – Диплом датюд ан Ланг Франсез (DELF (DALF), B2 деңгейі), diplome Approfondi de langue fransaise – Аппрофонди дипломы DE Lang Fransais (DALF (DALF), C1 деңгейі), test de connaissance du fransais – Test de connessance du Franse (TCF (TSF) – кемінде 50 балл).

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың бірі бар окуға кандидаттар шет тілі бойынша тесттен келесі тілдер бойынша докторантураға босатылады:

ағылшын тілі: IELTS (АЙЛТС)/international English Language Tests System (International English language tests System) шекті балл – кемінде 5,5;

IELTS INDICATOR (АЙТЛС индикаторы), шекті балл - кемінде 5,5;

